

"Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 548 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 482 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 қазанда № 12168 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 669 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 21.12.2015 № 669 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 548 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10046 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті (Қ.Н. Абдуллаев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2015 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 482 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 548 бұйрығымен бекітілген

**Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай
ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың,
көрсетілетін қызметтердің тізбесі***

р/с №	Атауы
1.	Тауарлар:
1.1.	автокөлік құралдары
1.2.	тікұшақтар
1.3.	серверлік, телекоммуникациялық жабдықтар (тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет ту заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен оларды алу үшін бөл сомадан асқан жағдайда)
1.4.	жұмыс станциялары, моноблоктар (тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы за белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен оларды алу үшін бөлінген сом асқан жағдайда)
1.5.	лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламалық өнімдер) (тиісті қаржы жылына арна республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлше оларды алу үшін бөлінген сомадан асқан жағдайда)
1.6.	жиһаз (тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсетк он мың еселенген мөлшерінен оларды алу үшін бөлінген сомадан асқан жағдайда)
2.	Жұмыстар:
2.1.	орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар бюджеттік бағдарламалардың әкімш ретінде шығатын, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен бюджеттік бағдарлама әкі тікелей іске асыратын және аяқталған сипаттағы жаңа объектілерді құруға (салуға) не қолда барл реконструкциялау
2.2.	бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ретінде орталық атқарушы және өзге де орталық мемлек органдар шығатын, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғаи бағытталған республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялар есебінен асырылатын жаңа объектілерді құру (салу) не қолда барларын реконструкциялау
3.	Көрсетілетін қызметтер:
3.1.	орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар бюджеттік бағдарламалардың әкімш ретінде шығатын, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен бюджеттік бағдарлама әкі тікелей іске асыратын және аяқталған сипаттағы ақпараттық жүйелерді құру, енгізу, дамыту және жаңғы

3.2.	бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ретінде орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар шығатын, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайта бағытталған республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялар есебінен асырылатын ақпараттық жүйелерді құру, енгізу, дамыту және жаңғырту
3.3.	орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар бюджеттік бағдарламалардың әкімші ретінде шығатын, ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу, әкімшілендіру (тиісті қаржы жылына арна республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен оларды алу үшін бөлінген сомадан асқан жағдайда)
3.4.	орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар бюджеттік бағдарламалардың әкімші ретінде шығатын, техникалық қызмет көрсету және аппараттық-бағдарламалық кешендерді жөндеу (1 қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен оларды алу үшін бөлінген сомадан асқан жағдайда)
3.5.	орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар бюджеттік бағдарламалардың әкімші ретінде шығатын, полиграфиялық қызметтер және баспа өнімдерін өндіру (тиісті қаржы жылына арна республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен оларды алу үшін бөлінген сомадан асқан жағдайда)
3.6.	лицензияланған бағдарламалық өнімді техникалық қолдау (тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен оларды алу үшін бөлінген сомадан асқан жағдайда)

Е с к е р т п е :

*мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен оның ведомстволары жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуларды қоспағанда, электрондық сатып алу арқылы конкурс немесе аукцион тәсілімен өткізілетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады.

** жоғарғы бюджеттермен төменгі құрылым бюджеттеріне берілетін, дамытуға арналған мақсатты трансфертті қоспағанда тапсырыс берушілермен белгіленген тұлғалардан (мекемелер және олардың аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік ведомстволық бағынысты ұйымдар) тәуелсіз, орталық және басқа да орталық мемлекеттік атқарушы органдары әкімші болып табылатын мемлекеттік сатып алуды өткізу және ұйымдастыру 2.1 және 3.1 тармақтарында көрсетілген, жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша бірыңғай ұйымдастырушымен жүзеге асырылады.